

Тәжікстан Республикасына Ресей Федерациясынан медициналық мүліктің Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 18 наурыз N 327

"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Z960009_ Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнімдер транзитінің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 P991143_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес Ресей Федерациясы Қарулы Күштерінің 201-мотоатқыштар дивизиясы үшін Тәжікстан Республикасына Ресей Федерациясынан медициналық мүліктің Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі 1995 жылғы 26 мамырдағы Z990368_ Арнайы жүктерді және әскери мақсаттағы өнімдерді тасымалдау туралы келісімге және басқа да нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес қауіпсіздіктің айрықша шараларын сақтай отырып, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша темір жол көлігімен жүктің транзиттік тасымалдануын жүзеге асыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден

комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағы арқылы медициналық мүліктің транзитін бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі осы қаулыны іске асыру мақсатында қажетті шаралар қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 18 наурыздағы
N 327 қаулысына
қосымша

Тәжікстан Республикасындағы Ресей Федерациясының 201-мотоатқыштар

дивизиясының әскери бөліміне (01162 далалық почта) беру жоспарланған
медициналық мүліктің номенклатурасы және мөлшері

Атауы ! СЭҚ ТН коды ! Өлшем ! Мөлшері
! ! бірлігі !

Зил-130 автомобилі негізіндегі

жылжымалы рентген кешені 870590000 Жинақ 1

ДЖҚ-2 дәрілеу-жуыну қондырғысы 842430010 Жинақ 2

Бағыты: Свердлов темір жолы Гипсовая станциясы (Ресей Федерациясы) -
Душанбе станциясы (Тәжікстан Республикасы);

шекаралық өту пункттері: Никель-Тау станциясы - Шеңгелді станциясы
(Қазақстан Республикасы);

ЖҚМ өкілінің күзетімен 1 платформа құрамында;

жөнелтуші - Ресей Федерациясы Қарулы Күштерінің 35778 әскери бөлімі;

алушы - Ресей Федерациясы Қарулы Күштерінің әскери бөлімі 01162

далалық почтасы.

Мамандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.